

## 2011 жылы қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы

### *Күшін жойған*

Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 28 қаңтардағы N 38/1 қаулысы. Павлодар облысы Шарбақты ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 21 ақпанда N 12-13-119 тіркелді. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімі аппарат басшысының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі N 35/01-17/820 хаты)

**Ескерту. Күші жойылды - қолдану мерзімінің өтуіне байланысты (Павлодар облысы Шарбақты аудандық әкімі аппарат басшысының 27.09.2013 N 35/01-17/820 хаты).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Халықты жұмыспен қамту туралы" Заңының 20 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылы 19 маусымдағы бекіткен қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру жөніндегі N 836 қаулысымен бекітілген Ережелеріне сәйкес жұмыссыз азаматтарды жұмыспен қамтуға көмек көрсету мақсатында, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоғамдық жұмыстарға қатысатын ұйымдар мен мекемелердің тізбесі, сұранысы және ұсынысы, қоғамдық жұмыстарды қаржыландыру көлемі 1 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қоғамдық жұмыстардың түрлері 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. "Шарбақты ауданының қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесі аудан бюджетінің қаржысы есебінен қоғамдық жұмыстарды дер кезінде қаржыландыруды қамтамасыз етсін. Қоғамдық жұмыстарға қатысушыларға Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 29 қарашадағы "2011 - 2013 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы" N 357-IV Заңының 8 бабының 1 тармақшасына сәйкес ең аз еңбекақы мөлшерінен кем емес еңбекақы есептеуді жүргізілсін.

4. Орындалатын жұмыстардың көлемі қоғамдық жұмыстарды орындау үшін шарттарды бекіткен кезде көрсетілсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі және 2011 жылғы 1 қаңтардан туындаған

құқықтық қатынастарға таратылады.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасарының міндетін атқарушы Бақтылы Кайырбекқызы Қалыбаеваға жүктелсін.

Аудан әкімі

С. Смағұлов

Шарбақты

аудан

әкімдігінің

2011

жылғы

28

қаңтардағы

№

38 / 1

қаулысына

1 қосымша

№ р/с	Ауылдық округтер және мекемелердің атауы	Сұраныс (тұтыну туралы өтініші)	Ұсыныс (бекітілді)	Бюджет есебінен шығындардың жалпы сомасы (теңге)
1	2	3	4	5
1	"Александровка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	13	13	460 000
2	"Алексеевка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	7	7	339 000
3	"Галкино ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	11	11	414 900
4	"Жылыбұлақ ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	6	250 000
5	"Ильич ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	6	240 000
6	"Красиловка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	6	248 000
7	"Қарабидай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	6	6	187 400
8	"Назаровка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	2	2	160 000
9	"Северный ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	5	5	206 000
10	"Орловка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	2	2	118 800
11	"Сосновка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	4	4	320 000
12	"Татьяновка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	2	2	115 000
13	"Хмельницкий ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	13	13	564 000
14	"Шегірен ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	7	7	400 000
15	"Шалдай ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	2	2	100 000
16	"Шарбақты ауданы Шарбақты ауыл әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	120	120	4 336 500
	Округтер бойынша жиыны:	212	212	8 459 600



6. Ауру және қарт адамдарға күтім және көмек көрсету.
7. Құжаттарды өңдеу және курьерлік жұмыстарға көмек көрсету.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК